



Іс-сапар

14-14.04.2015ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесінің 34-тармағына сәйкес, «Кентау колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аттестаттау комиссиясы төрағасының орынбасары болып Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу - әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Сарыбекова Ж.Н. Кентау қаласына іс-сапарға барып келді.



20-23.04.2015ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 1270 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесінің 34-тармағына сәйкес, «Авиценна» медициналық колледжі жеке мекемесін аттестаттау комиссиясының құрамында болып Жамбыл медициналық колледжі, «Фармация» бөлімінің меңгерушісі Андакулова К.Т. Шымкент қаласына іс-сапарға барып келді.

Құттықтаймыз!



17.04.2015ж.

Талдықорған медициналық колледжінде әдіскерлерге «Білім беру үрдісіндегі дәстүр және инновация: қажеттілік, ізденіс, ықпалдастық...» атты халықаралық-әдістемелік семинар өтті. Семинарға колледж әдіскерлері Батаева Л.К., Шужеева Ж.Л. қатысып, «Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану-сапалы білім негізі.» тақырыбында баяндама жасап, халықаралық сертификатқа ие болды.

21.04.2015ж.

Жамбыл медициналық колледжіндегі ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджмент жүйесі инспекциялық бақылаулан өткізілді.

29.04.2015ж.

Семей қаласында «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Қазақстан Республикасы медицина колледждерінің үздік түлегі – 2015» атты республикалық кәсіби шеберлік байқауы өткізілді. Байқауда колледжіміздің «Мейірбике ісі» бөлімі, 409 топ білімгері Молдахан Айкүн Бақытқызы өзінің теориялық және тәжірибелік білімін көрсетіп, жүлделі III орынға ие болды.
Жетекшілері: З.С. Ескебекова, Ж.А. Тоқташева



Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы,
Жамбыл медициналық колледжі
Ниетқалиев к. 20, 2 қабат
әдістемелік кабинет.



№8(8) 6 мамыр 2015 жыл, сәрсенбі



Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдық мерейтой карсаңында.

1 мамыр - Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні

«Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Бүгін Қазақстан халқы 1 мамыр ынтымақ пен бірлік күнін тойлап жатыр. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. Жыл сайын атаулы мерекеде Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шерулер өтеді.

Нәсілдерге нәсіл болсын нұрлы күн,
Ынтымақтың шертсем деймін бір жырын,
Татулығын жырға қосам ұлттардың
Мақтан қылып ұлыстардың бірлігін.

Достық тапса діндер менен ділімді
Салт-дәстүрлер сыйға ұласты бүгінгі,
Бір туғандай ұлтаралық келісім
Бір көтерген басқа түскен жүгімді.

Серт берісіп туыс болып қалуға
Нәубеттерден аман жеттік дамуға,
Байтақ елдің биік ұстап байрағын
Бірлік қолымыз мәңгі болып қалуға

1.05.2015ж.

Достық алаңында Ассамблеяның 20 жылдығына және Қазақстан халқы ынтымағы күніне арналған шеруге колледждің жалпы саны 200 ден астам колледж ұжымы мен студенттері қатысты.



Бүгінгі нөмірде:

- ✓ 1 мамыр - Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні
- ✓ Дөңгелек үстел
- ✓ Ашық сабақтар
- ✓ Апталық
- ✓ Сайлау-2015ж. № 52 сайлау учаскесі
- ✓ Іс-сапар
- ✓ Құттықтау
- ✓ Колледждегі тәрбие жұмысы (қосымша №8 (8) 6 мамыр 2015 жыл, сәрсенбі)

Колледж тынысы айлық ақпараттық газеті

Облыстық дөңгелек үстел

29.04.2015ж. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен Тараз қаласы Жамбыл медициналық колледжінің базасында «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан: батыр жерлестеріміздің ерлігі мен айбыны» атты облыстық дөңгелек үстел өтті. Облыстық дөңгелек үстелдің жұмысына қатысқан қонақтар: Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің басшысы – Ш.А.Усерова, Жамбыл медициналық колледжінің директоры – С.Қ.Қоңырова, Қазақстан жазушылар және журналистер одағының мүшесі, мұрағаттанушы – М.Рысдәулет, ТарМПИ-ның «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент – Б.Ә.Жүрсінбаев, ТарМПИ-ның Ж.Баласағұн атындағы «Түркістан тарихын зерттеу» орталығының директоры т.ғ.к., доцент – О.М.Қоңыратбаев, Жамбыл политехникалық колледжінің директорының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары – Д.А.Мамытбеков, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің «Қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі – Ж.А.Туребекова, радионың бас редакторы- М.Б.Малдарбеков, «Қазақстан» Республикалық теле-радио кооперациясының акционерлік қоғамының Жамбыл облыстық филиалының директоры – М.М.Төлепберген қатысты. Жауапты: Әлеуметтік – экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндерінің оқытушылары, ЦӘК төрайымы Жантохова Г.Н.



Колледжде өткізілген ашық сабақтар

06.04.2015ж.

Данебаева А.Қ. «Емдеу ісі» бөлімі, 216 топта қазақстан тарихы пәнінен «Қазақстан экономикасындағы өзгерістер» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты: тарих сабағында интерактивті тақтаны тиімді пайдалану және ойын технологияларын қолдану. Сабақ мақсатына жетті.



08.04.2015ж.

Қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы Абдалимова З.И. «Емдеу ісі» бөлімі, 107 топта «Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты: қазақ әдебиеті сабағында интерактивті тақтаны тиімді пайдалану, топпен жұмыс жасау, СТО технологиясын пайдалану. Сабақ мақсатына жетті.



09.04.2015ж.

Сапарбаева А.А. «Фармация» бөлімі, 229 топта кәсіби қазақ тілі пәнінен ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Қызылмай. Сұрау есімдігі». Мақсаты: интерактивті технология элементтерін және интерактивті тақтаны қолдана отырып, бейне сұрақтар арқылы жана тақырыпты түсіндіру. Сабақ мақсатына жетті.

Колледж тынысы айлық ақпараттық газеті



24.04.2015ж.

Ш.Т. Маманова дүние жүзі тарихы пәнінен «Қазіргі заманғы әлем» тақырыбында «Емдеу ісі» бөлімі, 105 топпен ашық сабақ өткізді. Мақсаты: тарих сабағында интерактивті әдісті және модульдік оқыту технологиясын тиімді пайдалану. Сабақ мақсатына жетті.

№ 2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру ЦӘК оқытушыларының апталығы

6.04.2015ж.

«Поэзия патшайымы» Фариза Оңғарсыноваға арналған поэзия ән кеші өткізілді. Білімгердің поэзияға деген қызығушылығын арттыру.



Жауапты: Мәдімарова А.Т.
Абдалимова З.И.

7.04.2015ж.

I курс орыс топтары білімгерлері арасында қазақ тілі пәнінен «Нұрлы болашақ» тақырыбында олимпиада өткізілді. Мақсаты: мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту; қазақ халқының мәдени; білімгерлердің шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту.



Жауапты: Жүнісова Д.М.

10.04.2015ж.

II курс, орыс топтарымен «Мекенім - Қазақстан» мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Мақсаты: Отанды сүйеге, туған жерді қадірлеуге, Қазақстанды мақтан етуге тәрбиелеу, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін, құрметін арттыру.



10.04.2015 ж.

Апталықтың қорытындысы: I курс білімгерлерімен «Колледжім - мақтанышым» эссе жазу, Жас ақындар мүшәйрасы. Мақсаты: Ел тәуелсіздігін, тілі мен дінін, дәстүрін нығайту екендігін, 80 жылдық тарихы бар киелі орда Жамбыл медициналық колледжінің деңгейін, даму белестерін көркемдік деңгейде жан-жақты аша білу арқылы жас ұрпаққа ұлттық, патриоттық тәрбие беру. Жас ақындардың шығармашылық деңгейінің өсуіне ықпал жасау.



26.04.2015ж.

Тараз қаласының №52 сайлау учаскесінде кезектен тыс президенттік сайлау өтті. Сайлауға келген ардагерлерге және бірінші рет дауыс берушілерге сыйлықтар берілді.

